




ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Интернет және интерактивті техника.
Шынайы шеберден – мінсіз мәнер





I.

Армысыздар. Қазақ тілді журналистерге арналған кезекті дәрісімізді бастаймыз. Алдымен әдеттегідей Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған ойларды қозғап өтеміз. Онда интернет медиаға арналған мәтін жазу өндірісі талқыланады. Бұл істің бірқатар астарлары бар, Роберт Хиллиард мырза сол астарларды ашады. Одан әрі дәрістің екінші бөлігінде өзіміздің журналистикадан кімдерден үйренгенімізді және кімдерден үйренуге боларын еске салып өтеміз.

Интернеттің басқа ақпарат құралдарынан артықшылығы ақпарат таратушы мен оны тұтынушы арасында интерактивті байланыстың жетілгендігінде. Мультимедиялық мүмкіндікті мәтін жазушы да молынан пайдалануы керек. Бұл тек дыбыс пен бейнені біріктіру ғана емес. Он-лайн барысында дыбысты басқару, бейнекөріністерге фотоларды қосу, диаграмма мен инфографика жасау, анимацияны қолдану және тағысын тағылары осыған жатады.

Бұрын осының бәрін жүзеге асыруға бірнеше саланың мамандары қажет еді. Енді мәтін авторы бұл әрекеттің бәрін жалғыз өзі дербес немесе шағын компьютерлік дизан мамандарының көмегімен жүзеге асыра алады. Осылайша интерактивті медиа үшін мәтін жазу елеулі өзгерістерге ұшырды.

Автордың қол астында бұрын бір нұсқа болып, сонымен жұмыс істесе, интерактивті медиа бойынша оның аудиторияға арналған бірнеше нұсқасы әзір тұруы керек. Өйткені мәтіннің келесі сатысына көрермен ықпал етіп отырады. Басқа ақпарат құралдарына қарағанда интернеттегі автор аудиторияның жеке мүшелерінің талабы мен наразылығын бірден аңғарады. Соған орай талапқа жауап берудің немесе әлгі наразылықты тоқтатудың әрекетіне кіріседі. Мұның бәрі бағдарламаның немесе хабардың сценарийінде қосымша нұсқада қарастырылғаны жөн. Сонда интерактив барысында жүргізуші тарапынан кідіріс немесе дағдарыс болмайды.

Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында келтірілген пікірге қарағанда мәтін жазушы да, өз мәтіні тұрмақ басқаныкін эфирге алып шығушы да өте епті болуы қажет. Бұл орайда Роберт Хиллиард өзінің кітабында Маршалл Мак Льюэннің «коммуникация құралының өзі хабарлама ғой» деген пікіріне сілтеме жасаған. Сол арқылы интернет үдерісінің өзі контент алдында басымдыққа ие екендігіне назар аудартады.

Интернетке мәтін жазғанда, әйтпесе құрастырғанда гипертекст деген сөз санада тұрады. Қарапайым тілмен айтқанда, гипертекст дегеніміз не ойлап тұрмыз соны мәтін етіп түсіру болып табылады. Ондағы сөйлемдерде логикалық байланыс бола бермеуі мүмкін.

Айталық, 2001 жылы Нью-Йорктегі Бүкіл дүниежүзілік сауда орталығы мен Пентагонға террорлық шабуыл кезіндегі оқиғаларға арналған деректі фильмді көрсеткенде интернет аудитория кез-келген уақытта әңгімелеу желісіне шығып, өздеріне қызықты басқа мәліметтерді іздеп кете алады. Деректі фильмді көру барысында оларды террорлық ұйымның басқа шауылдар жасау ниеттері, Буш әкімшілігінің қарсы сокқылары, терроршылар көсемдерінің өздері, отбасылары туралы ақпараттар қызықтыруы ғажап емес. Бір сөзбен айтқанда он-лайн оқушылар шексіз де шетсіз ғаламат желіде отырғандықтан қосымша тереңдетілген ақпаратты кез-келген уақытта алудың мүмкіндігі жеткілікті.

Роберт Хиллиард өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында интернеттің пайда болуымен аудиторияның ересен өзгергенін талдайды. Бұл аудиторияны қалай автор өзіне тарту керек? Ендігі мәтіндер көңіл көтеріп қана қоймауы тиіс дейді Роберт Хиллиард. Ол үміт, әсерлену, табыс, үрей, тіпті дәрменсіздік сезімдерін араластыра отырып құндылықтарды тәрбиелей бастады.

Интернетке шығу арқылы ақпарат құралдарына шексіз мүмкіндік берілді. Тұтынушылар тек саяси бағдарламалар емес, бүкіл ұсынылған контентті тілі мен жағырапиясына қарамай дереу алады. Оның ішінде көркем фильмдер мен тек үйде көруге болатын фильмдер де тасада қалған емес.

Мұндай жағдайда Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабына қарағанда он-лайн сервистер сұранымды ескере отырып, өздерінің жеке қатысушыларының базасын жасауы керек. Яғни тұрақты көрермендер ендігі жерде жазылушыларға арналады. Соған орай жарнамалар да осы интернет арналарға көше бастады. Қазіргі әлемде жарнама жеткізудің бұрынғыдан гөрі басқыншы бола бастағанын аңғару қиын емес дейді Роберт Хиллиард.

Бағдарламалардың санының артуы, арналардың әр түрлі болуы, өндірістік үдерістер мен технологиялардың жетілуі, ақпарат тарату құралдарының үздіксіз көбейуі түптеп келгенде оларға арналған контенттегі мәтінді мәнді етуді талап етті. Мына заманда әркім керегін іздейді. Онда да артық



сөз, артық сөйлемсіз керегін іздейді деп ой түйеді Роберт Хиллиард мырза өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында. Осымен біз өз дәрісіміздің төл бөлігіне өтеміз. Қазақ журналистикасында кімдерден үйренуге болады, соларды талдаймыз.

II.

Әдебиеттің теориясын оқыдық. Енді жаза беруге бола ма? Болады. Бірақ, әлі өз стиліңіз қалыптасқан жоқ қой. Иә, жаздыңыз. Сіз сияқты мыңдар да осылай жазады. Жазып жатыр. Қалай ерекшеленесіз? Жұртты қалай өзіңізге қаратасыз? Мұхтар Шаханов еске түсіп кеткені:

Қаптаған көп бала тайдан,
Суырылып шыққан кезде дара тай,
Демедің ғой «алақай».

Жалпы, Мұхтар Шахановты өз басымыз қазақтың теңдессіз ақындарының қатарына жатқызамыз. Оның таланты ерекше. Ара-тұра ақпарат бетінде пайда болып, жел тиген өртегі қаулап кететін әдеби, тіпті саяси дау-талас кезінде талайлар Шахановта білім кемшін екенін айтып қалады. Ауылда трактор айдап жүрген дерінен бірден тілші болып кеткені рас. Білімге емес, талантқа сүйеніп танылғаны да талассыз. Білім джегенде жұрт білгенді бұл кісі де біледі. Ол жағынан ақсап тұрған жоқ. Бірақ, өзімен жиі дауға түскен аттасы Мұхтар Мағауиндегі сияқты академиялық терең білім алмағандығы кейде айтылып қалады.

Осы жерде тағы бір түйін түйіп кетуімізге болады. Журналист болатын азаматтар, әдібетпен айналысатын таланттар тынбай оқу керек. Түртініп, ізденіп өзінің жеке оқуынан басқа, мойындалған, лицензиясы бар, тіпті халықаралық ортада беделді оқу орындарының бакалавр ғана емес магистр дережесін алу керек. Тіпті одан әрі деңгейді PhD дәрежесіне дейін көтерген артық болмас еді.

Себебі жазатын адамда бай білім қоры болуы керек. Өйткені сюжет, деректі фильм сценарийлері мен мақаланың мәтінін жазып отырғанда түрлі тарихи деректерді келтіруге, әртүрлі ғұламалардың пікіріне жүгінуге тиіссің. Түрлі жағдайларды оған дейін болған тура осыған ұқсас оқиғалармен салыстыру қажет болады. Егер оқымасаң ондай қажетті ілімнің санаға сап етіп орала қоймасы анық. Ал бір рет оқып кеткеннің арада бірнеше ондаған жылдар өтсе де туқа керек кезінде қаламыңның немесе сауағыңның ұшына өздігінен орала қалады. Білімнің күдіреті осында. Ншқандай ауырлығы болмайды. Ол арбана салып тартып жүретін қара тас емес. Бір қарағанда еш салмағы жоқ, абстракты нәрсе. Бірақ, сол оқыған білімінді орнымен қолдана қойсаң салмағы қара тастан да ауыр болып тұрады.

Оның үстіне мамандыққа орай білімі терең журналистке өте күрделі өрмек құрудың еш қиындығы жоқ. Жазған немесе эфирден өткен дүниенің көркемдік кестесін бойдағы білімнен басталады. Оқырман мен көрермен де соқыр емес, оны бірден аңғарады. Сосын бағалайды.

Сонымен Мұхтар Шаханов әлгі шумағына қайта оралайық. Өзгеден ерекше бір тай пайда болды деді ме:

Қаптаған көп бала тайдан,
Суырылып шыққан кезде дара тай,
Демедің ғой «алақай».

Мұхтар Шахановтың бейнелеп отырған «дара тайы – Төлеген Айбергенов. Оның суырылып шыққаны – стилінің ерекше болғаны.

Иә, Төлеген Айбергенов бұрын-соңды қазақ жазба өлеңінде жоқ мәнермен жазды. Беріде талай жас акын соны ұстанғанын байқадық.

Ал сіз журналист ретінде қандай мәнер табасыз? Күрделі сұрақ.

Бұл үшін және оқу керек. Енді теорияны емес. Жазып жүргендерді. Сізге дейінгі журналистерді және өзіңіз қатарлы жазып жатқандарды оқу керек. Тиіп-қашып емес, жүйелі түрде. Көз жүгіртіп емес, зерттеп. Сынап емес, үйреніп. Өзгелердің қалай жазып жүргенін терең зерделегенде барып ешкімге ұқсасма соқпағыңыздың сұлбасы пайда болады.

Біз журфактан соң жастар газетінде қызмет еттік. Автор хаттарын қорыту мен өз мақаламызды жазу уақытымыздың жартысын алса, жартысын тек оқуға арнадық. Күнделікті газеттерді. Журналистердің кітаптарын. Үш-төрт мақаласын байыптап оқыған соң түйсіндік: күндіз қатар жүретін, түнде ғана бөлек



ұйықтайтын Сапарбай Парманқұлов пен Ертай Айғалиевтың жазу мәнері мүлде екі түрлі екен. Екеуі бір курста ортақ ұстаздар алдынан шыққанмен екі түрлі жазады.

Спорт тақырыбында Сейдахмед Бердіқұлов Несіп Жүнісбаевты баулыды. Несіп біздің курстасымыз Дүрәлі Дүйсебаевты тәрбиесіне алды. Дүрәлі өз кезегінде Рысбек Қыдырбекұлын шәкірт етті. Оқыңыз. Тақырыбы ортақ – спорт болғанымен, төртеуінің стилі төрт түрлі.

«Оқыңыз» дегеннен шығады, біз біртіндеп мақалаларды астындағы авторын қағазбен бүркеп қойып оқитын болғанбыз. Әрі кеткенде төрт-бес сөйлемнен соң кім жазғанын киналмай табынбыз. Себебі – Жанболат Аупбаевтың жазуы бөлек те, Жарылқап Бейсенбаевтың жазуы бөлек. Олар баулыған Нұрлытай Үркімбаеваның жазуы Баян Болатханованың жазуына ұқсамайды. Өзіміз көсіліп жазуға кіріспес бұрын осыны аңғарғанбыз.

Одан да зор мысал келтірейік. Әбіш Кекілбаев пен Мұхтар Мағауин. Әбекең өмірден өткенде талай естелік айтылды. Ауызша да, жазбаша да. Естеліктер жинақталған кітап та шыққан шығар. Бірақ, соның бәрін таразының бір басына қойғанда екінші басында жалғыз тұрған Мұхтар Мағауиннің «Әбіш екеуміз» аталатын естелігі басып кетеді.

Мағауин өз естелігін Әбіш екеуінің университетке түсе сала бір пәтерде жатып, бүкіл әлем әдебиетін қатар оқығандарынан бастайды. Ұстаздары ортақ, қатарған кітаптары бірдей. Ал жазу стилінде бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі жазушы болып шықты. Қазақ әдебиетінің бағына қарай.

Сонымен «кім қалай жазады» дегенді аңғарып алмай тұрып «мен қалай жазуым керек» деген сұраққа жауап берілмейді.

Біз де жол басында қалай жазсақ деп ойландық. Бәрін оқимыз. Бірақ, қайталағымыз келмейді. Бастапқы бағдар керек. Солай қалай жүрсең, біртіндеп жеке жолың қалыптасады. Ол кезде қазақ басылымдарымен қатар күнделікті орыс тілінде орталықтан шығатын газеттер келетін. Университетте ұлағатты ұстазымыз: «Правда» газетінің бір рубрикасындағы мақалаларды тұрақты оқып тұрған адам бес жылда бір оқу орнын бітіргендей болады» дейтін. Рас еді. Егер сол жылдары ауыл шаруашылығы немесе мәдениет туралы айдарын құрғатпай оқысаңыз, біртіндеп сол салада не болып жатыр, не болуы керек екеніне көзіңіз шайдай ашылатын.

Біз «Правдаға» емес, «Комсомольская правдаға» қызықтық. Ол тұста Бочаров, Голованов, Сунгоркин, Руденко, Песков сынды талантты журналистер тынбай жазып жатты. Осы газеттегілерше жазуға тырыстық. Бірінші мақаламыз – «Қиын өнерді құлағынан бастаған». Әмен Хайдаров туралы. «Комсомолкадағы» сияқты бір детальді ойнату арқылы бүкіл шығармашылығын бергіміз келді. Бала кездерінде жарысып сурет салады екен. Аттың суретін. Талап біреу – қарындаштың ұшы қағаздан үзілмей салынуы керек. Сонда бала Әмен аттың суретін бір құлағынан бастап, екінші құлағымен аяқтайды. Сөйтіп суреті басқалардан әдемі шығып отырған. Айналып келгенде стиль. Құлағына бастау. Біз оны өзек етіп бірінші мақаланы жазып шыққанбыз. Сөйтіп, «Комсомолканың» журналистерін оқып, зерттеп, керектісін алып, біртіндеп жазу мәнеріміз қалыптасты.

Жазуымызды қалыптастыру барысына тақырып қою деген үлкен мәселе алдыдан шықты. Ерекше жазар болсаң, тақырыбын да солай аңдағайлап тұрсын. Біз теориялық сабақтың бірін «тақырып қою» жайына арнап, жақсылап сөз етерміз. Әзірге әңгіме жақсы жазу үшін жақсылап оқу тұрғысында өрбіп жатыр.

Ол кезде бәрін оқимыз дедік. Әсіресе, редакторымызды. Онда «Лениншіл жастың» редакторы – Сейдахмед Бердіқұлов. Жазушы. Кітаптары шығып жатыр. Әңгімелері жарияланады. «Мұңайып оянған қала». «Жұмыр жерде теңбіл доп». «Сиырлы ауылдың сұрмергені». «Жүйке жоныған түн». Атақты «Аспаннан шұға жауған күн». Ал не байқадыңыздар? Зат есімі тақырыптың соңында тұрады екен. Табылды! Енді біз іздендік. «Еліне өкпелеген етікші». «Барған жерің Балқантау». «Арқадағы «adidas». Ақыр аяғында кітабымыздың атын осы сорапқа салып қойдық: «Жер мен аспан арасындағы дастан». Міне, оқыдық. Сосын көңілге тоқыдық.

Түйіндеп айтқанда, стиль табу үшін ізденуде басқаларды көру керек. Қайталамай-ақ, қабылдау керек. Бірнеше үлгіні қоса отырғанда ақыры өзіңнің дербес мәнерін шығады. Кәдімгі тайдың жорғасын шығарған сияқты. Үстіне мінген адам тізгінді тежеп, не желіске, не шабысқа салмай, сөйте тұра аяңдатып қоймау үшін қамшылай отырып жорғалауға жаттықтырады. Стиль де сондай. Аяңдап қалма. Далақтаған шабысқа жіберме. Біртіндеп су жорғаның өзі боласың.

Қазақ журналистикасында өз жазу мәнерін тапқан шеберлер баршылық. Жоғарыда айтылған Несіп Жүнісбаевтың мақалаларынан оның менезі аңғаырылып тұратын. Шалт, тез қимылдайды. Теңеулерге жүгінеді. Тез қимыл кейде артық нәрсеге ұрынып қалуға да себепкер болуы мүмкін. Ең бастысы оқырман жалықпайды, енді не болар деп автормен бірге аптығып келе жатады. Әңгіме тек Несіп Жүнісбаевтың



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет және интерактивті техника. Шынайы шеберден – мінсіз мәнер
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

спорт, оның ішінде футболға қатысты мақалалары мен кітаптары жайында емес. Ол кісі кезіне Жәнібек Кәрменов жайында өте ірі мақала жазды. Айтыс пен күй өнерлері туралы толғамдары шықты. Сонда да өзінің шалт қимылдайтыны сияқты оқыс орамдар, сол сәтте қисыны келмейтін сөздер толассыз төпелей шығатын. Демек, журналистің жеке басының қасиеттері оның жазу мәнерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тіпті, жазу стилі айна сияқты, автордың қандай екенін байқатып тұрады.

Бұған келесі мысалға Бауыржан Омарұлын келтіре аламыз. Баукеңнің журналист әріптестері туралы бірнеше ондаған мақалалары шықты. Оның біразы «Он бірінші қаламұш» атты кітапқа топтастырылды. Оның заңды жалғасы болып «Төртінші билік» атты кітабы оқырмандардың қолына тиді. Одан берідегі журналистер туралы эсселері алдағы уақытта тағы жеке кітап болып тостасатын шығар. Осы мақалаларды езу тартпай оқу мүмкін емес. Әрбір мақаланың бөлімдері кейіпкердің студенттік кездегі немесе газет редакцияларындағы жүріс-тұрысын сипаттайтын өлеңдермен басталады. Оны көбінесе «журналистік фольклор» деп үкілеп бергенімен, автор өзі шығарғаны аңғарылады. Әрбір бөлім басындағы осы бір шумақтардың басын қосып шықсаңыз, кейіпкерінің бейнесі жар ете қалады. Бұл шумақтарда да, мақаланың өзінде де әр тұста мырс-мырс күлдіретін тіркестер, теңеулер, эпизодтар кккөрініс беріп жатады. Кекесін емес, әжуа емес. Мақтаулып жатқан кейіпкер. Сөйте тұра оның пенде екені аңғарылады. Осылайша автор белгілі бір дәрежеде тепе-теңдік жасайды. Бір жағынан өзі мақтап жатқан белгілі журналистің екінші жағынан не күйгелек, не аңғал, не ұрыншақ, не ұмытшақ деген сияқты өзіне ғана тән мінездерін байқатып, соған орай күлдіртіп қояды.

Мәселен, өзінің әріптесі, белгілі журналист Талғат Батырхан туралы эссесінде мынадай эпизодты өте сәтті келтіреді: «Інірде жатақханадағы күллі студент дәліздегі жалғыз телевизордан атақты «Спартактың» әлдебір шетелдік командамен жан алысып, жан беріскен ойынын көріп отырдық. Жанкүйерлердің аузынан ақ көбік ағады. Футбол десе ішкен асын жерге қоятын Талғат солардың бел ортасында. Ойынның аяқталуына небәрі үш минут қалды. Үміт күткен «Спартак» жеңілгелі тұр. «Шіркін-ай, Черенков шықса екен!», — деді жігіттердің бірі. «Спартактың» ақберені Федор Черенков сол күні запастағы ойыншылардың қатарында еді. Сол кезде Талғат: «Енді Черенков түгілі Черненко шықса да гол болмайды!», — деді ғой... Жұрт футболды жайына қалдырып, күлкіге көмілді. Бұл әбден шаршаған кезде тізгін ұстаған, қалт-құлт еткен кәрі генсек Константин Черненконың билік құрған тұсы еді.»

Автормен бірге күлесіз. Спорттағы ақберен жанкүйер соның жолында саясатты құрбан еткен сәті қалай әдемі сипатталған. Мұнда Талғаттың шешуші сәттегі тәуекелі мен Бауыржан автордың байқампаздығы қатар көрініп жатыр.

Сол сияқты Талғаттың соншалықты берілгіштігі, жан-дүниесімен жанкүйер болғаны анық аңғарылды. Ал бұл нені байқатады. Талғат нені болмасын беріліп орындайтынын көрсетеді. Ол жанкүйер болғанда анау өтіп жатқан футболға өзі араласардай, тіпті теледидардың ішіне кіріп кетердей күйге түскен. Осы эпизодтан оқырман Талғат Батырханның кешікпей даусыз мықты журналист боларын да сезеді. Неге? Өйткені, ол барлығын да беріліп істейді. Журналистикада бір нәтижеге жету үшін осылай берілу керек. Жазар мақаланың, эфирге беретін сюжетінің ішкі әлеміне кіріп кетпесең, онда сенің жазғаның қызықсыз, әсерсіз болып шығады. Оқырман да оған еш әсерсіз көз салады. Тіпті сюжетінді аяғына дейін тамашаламай, мақаланды аяғына дейін оқып шықпай орнынан тұрып кетуі мүмкін. Өйткені, сен әсерленіп жаза алмаған соң өз көрерменің мен оқырманыңды да әсерге бөлей алмайсың. Мұны кезінде айтулы ақын Қадыр Мырза Әли дәл тауып сипаттағанын да еске салайық:

Жырынды ұқпаса,
Жоғалып кет дейді.
Жүректен шықпаса,
Жүрекке жетпейді.

Сонымен белгілі журналист, филология ғылымдарының докторы, Ұлттық академияның мүше-корреспонденті Бауыржан Омарұлының өз оқырмандарын езу тарттыра отырып, өз кейіпкерлерлерінің кісіліктегі кейбір күлкілі қылықтарын, өмірдегі кейбір әнтек тұстарын да тәтіштеп жазу мәнерін байқадық. Бұл жазу стилі өмірдегі Бауыржанның өз болмасын аңғартады. Өмірде де құрдас, достары, тіпті ұстаздары мен інілерін алдында сол сыпайы қалжыңдау, сосын күлдіріп тұрып ой салып кету – Бауыржанның дәл өз мінезі. Сол мінездің қаз-қалпында оның жазу стиліне ауысқанына таң қалмасқа болмайды.

Жазу мәнері біртіндеп қалыптасады. Оны бойға бекіту, қалам ұшына қондыру үшін жылдар бойы жаттығу керек. Иә, жазып жаттығыңыз. Үнемі жазыңыз. Жазбай-жазбай жүріп елді естен тандырырлықтай



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет және интерактивті техника. Шынайы шеберден – мінсіз мәнерқ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

мақаланы бір күнде туыра саламын деп ойлаудың өзі күпірлік. Ол мүмкін емес нәрсе. Жазған сайын машықтанасың. Машықтанған сайын басқаға ұқсамас өзінің мәнерің қалыптасып, талантың даралана түседі. Сонда ғана сені де жұрт алғашқы абзацыңнан таниды. Әрі қарай бас алмай оқитын болады.

Жеке журналисті ғана емес, кейбде тұтас басылымды үлгі етуге болады. Бұл оайда бір қазақстандық емес, Ресейлік бір басылымды осы дәрісімізге қосқанды жөн көрдік. Ол Мәскеуде шығатын «Комсомольская правда» газеті. Жеке өзіміздің журналист болып қалыптасуымызға бұл басылымның ықпалы зор еді. Өзіміздің жазу мәнерімізді жөнге салып, бір қалыпқа келтіруде «Комсомолкадан» көп нәрсе үйрендік.

Студент уақытымызды айтпағанда мектеп бітіріп, сонау ауылда қой баққан кезімізде бастап осы басылымды күнделікті оқитын едік. Сол газеттегі Ярослав Головановтың, Виталий Игнатенконың, Владимир Губаревтің, Василий Песковтың, Владимир Снегировтың әрбір мақаласын жұтып қоярдай тамсана оқып, келтірген деректеріне, оны беру тәсілдеріне ден қоятынбыз. Жазу ісінде журфактағы ұстаздармен қатар осы «Комсомолкадағы» жетекші журналистерден көп нәрсені үйрендік. Ол – өткен тарих. Ал бүгінгі күндері ше?

Бүгінгі заманда сол «Комсомолка» өзінің үрдісінен жаңылмай келеді. Баяғы Головановтар, Песковтар. Өмірден өткенімен, олардың дәстүрін сақтаған ұжым қалыпты. Бұл өте маңызды фактор. Біздің ақпаратқұралдарына жаңа басшы қалай келді солай бұрынғы дәстүр мен тарихты, сол дәстүрді сақтаған ұжымды талқандауды бастайды. Онсыз жұмыстары жүрмейтіндер көреді. Сөйтіп тақыр жерден өз ғимаратын тұрғызғысы келеді. Мұның сыры тарих өзінен басталды деген астамшылықта жатса керек. Бұрынғыны жоққа шығарудан өзі жақсы атты болған екшкім жоқ. Өкінішті жері бұл мәселе ескеріле бермейді.

Хош, бірер жыл бұрын сол «Комсомольская правда» газет қалай шығуы керек деген сауалда тамаша үлгі көрсетті. Бір әсте ресей басылымын жарнамалауды алдымызға мақсат етіп қойған емеспіз. Бұл басылым біздің жарнамамызға зәру емес шығар. Тек «Ресейдің газетін насихаттап отырғаны несі» деп өз бауырларымыз сойылмен төпелемес үшін, алдын алып жатқанымыз ғой.

Иә, «Комсомольская правда» газетінің бір нөмірі тұтастай Сочиде болған әскери ұшақ апатына арналды. Ол оқиғаға орай бүкіл елдегі қаралы күн жарияланды. Біз ақпаратты жексенбіде естігендіктен, одан екі күн ішінде қаншама жәйтке қаныққандықтан бұл нөмірді самарқау күйде ұстағанбыз. Сөйтсек, өзіміз естімеген, білмеген қаншама дерек жүр.

Сочидегі Адлер әуежайы ұшқыштар үшін әлемдегі ең күрделінің бірі екен. Себебі... . Әскери ұшаққа мінер алдында фототілшілердің суретке түсірмейтін дәстүрі болған, бұл жолы оны бұзған екен. Өттеген-ай... . Штурманы бес жыл бұрын әуеде бұраңдаған осындай «ТУ-154-ті» аман қондырып, сол үшін наградаға ие болыпты. Бұл жолы... . Әуе кемесі командирінің әкесі де әскери ұшқыш көрінеді, баласына амал бар ма... . Атақты Кобзон осы рейспен ұшпақ болыпты, бағына қарай... . Қаза тапқан Халилов қазақстандық музыканттарға да дирижерлік еткен, біздікілер қайдасындар... . Ансамбльге аты берілген Александровтың немересінің айтуынша, оркестр Сирияда оның атасының атақты әні «Киелі соғысты» орындауы керек екен, оған... . Илья Резник осы оркестр үшін жаңа екі ән дайындаған көрінеді, қайтерсің... . «Доктор Лиза» атанған Елизавета Глинка «Сириядан аман қайтамыз деп сенбеймін» деп дәл осы газетке он күн бұрын сұхбат беріпті, айтқаны айдай келгенін қарашы.

Жете ме? Мұның сыртында қаншама пікір, оқшау ой, куәгерлердің, мамандар мен сарапшылардың сұхбаттары бар. Сызылған жол картасы, ғарыштан түсірілген сурет, «ТУ-154» ұшағының сипаттамасы. Ең бастысы бұл да емес.

Нөмірге газеттің бүгінгі қаймағы тегіс атсалысқан. Дмитрий Смирнов, Александр Гришин, Александр Бойко, тағы екі аттасы Коц пен Гамов, Виктор Баранец, Алексей Овчинников. Бәрінің аты таныс, редакцияның бүгінгі сайыпқырандары. Мұның сыртында бірнеше аймақтар мен шетелдегі меншікті тілшілері атсалысқан. Біз әрбір мақаласын қадағалап қарайтын Гамовтың екі бірдей материалы тұр.

Айтпақшы, осыдан отыз-қырық жыл бұрын-ақ бізді тәнті еткен Владимир Снегировтің де атын осы нөмірден көрдік. Ол кісіні оқымағалы қаншама заман. Баяғыда осы газетте шыққан мақалалары топтасқан «Дороги, которые выбирает нас» атты кітабын жастанып жүргенбіз. Головановтың, Песковтың о дүниелік болғанын білетінбіз. Мына кәрі тарлан тірі екен. Бұл да көңілге медеу.

Сонымен, біздің жас достарымыз, газетті осылай шығару керек. Жарнама емес, насихат. Үйреніңіздер.

Міне, тағы да үйреніңіздер деп қайталап жатырмыз. Ол үшін оқу керек, көру керек. Өзің қызмет ететін басылымда не шыққанны, өзің қызмет ететін телеарна нені көрсетіп жатқаны қадағалап қарау керек. Сосын айналадағы әріптестердің тынысын назарда ұстауға тиіссің. Жазу немес сюжет пен бағдарлама жасау дейгейі бойынша сенен алды ма, артта ма? Алда болса оны күндеудің, оған әлдебір қара ниетті қастандық



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Интернет және интерактивті техника. Шынайы шеберден – мінсіз мәнер
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

ойлауға болмайды. Өзің де сондай шебер болудың, жетістікке жетудің жолдарын іздестір. Біліміңді арттыр, білігіңді молайт. Соның қатарына жетуге тырыс.

Осы дәрістің басында айтулы ақын Мұхтар Шахановтың өлеңінің бір шумағын мысалға келтіргенбіз. Енді дәрісті түйіндеп жатқанда және бір шумағы ойымызға орлалып тұр. Ақын Мұхтар Әуезовтің ұлы, өзінің досы Мұрат Әуезевке арнаған «Мені неге Мұхтар қойған» деген өлеңінде «Өзім талай мықтыны мойындадым, енді оларға өзімді мойындатам» дейді. Онысын өмірде орындады да.

Сен сияқты сен де алдындағы мықтылардан үйрен, бірақ оларды сол қалпы қайталама. Өнеге ала отырып, өз жолыңды табуға тырыс. Ал мүмкіндік мол, тың жолдар жеткілікті. Табатының, сосын танылатының даусыз. Ол жолға тек өзгелерді оқу мен көру арқылы түсесің. Осыны есте сақта.

Төртінші сабақты пысықтау:

Дара стильді табу өзгелерді пойымдаудан басталады.

Бұл орайда терең білім керек.

Белгілі журналистердің мақалаларын атын-жөнін оқымастан айыра аласың ба?

Әр басылымды тұрақты қадағалаудың да пайдасы бар.

Өз ісін беріліп, жан-тәнімен орындайтын адамдардан жақсы журналист шығады.

Тұтас газеттен де, оның жеке нөміріне де талай нәрсені үйренуге болады.

Әріптестеріңнің, өз қатарыңның жетістігін ешқашан қызғанба, тек өзің де солардай болуға ұмтыл.